

Ө.ғ.к. доцент Шегебаев П.Ш, Мәдени тынығу жұмысы,3 курс

Алишер Боранбаев

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ – ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО ПӘНІНІҢ НЕГІЗІ

Қазақ халқының мінез-құлығын, ұлттық менталитетін дәл көрсете алатын бірден-бір жанр – оның музыкасы. Әр ұлттың ұлттық рухы музыкасында сақталады. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций (шамамен б.э.д.551-479ж): «Егер бір елді басқарудың жай-жапсарын білгің келсе, сол елдің тәртіп-тағылымын танымақ болсаң онда музыкасына құлақ тұр»-деген. Қазақ музыка өнерінің тарихи тамыры Қорқытқа дейінгі ғасырларда жатқандығын материалдық мұралар айғақтап отырғанымен, халық күйлерінің қай ғасырда туғандығын дәп басып айту қиын. Олар хатқа түспеген күй ұрпақтан-ұрпаққа құймақұлақ арқылы ғана бізге жетіп отыр.

Көне ғасырда Қорқыт, XII ғасырда Кетбұға, XIV – XV ғасырларда Асанқайғы, XV ғасырда Қазтуған, XVI – XVII ғасырларда Байжігіт, XVIII ғасырда Абылай хан, XIX ғасырдың бас кезінде Боғда, Махамбет, Тәттімбет, Құрманғазы, Байсерке, Шортанбай, Тіленді, Дайрабай, Өскенбай, Мәмен, Дина, Сүгір, Сейтек т.б секілді дарынды күйші, дәулескер домбырашылар қазақ күй өнерінің туын биікке көтерген тума таланттар болды. Сол кісілер арқылы ұлттық музыка өнеріміз өзіндік бет бедерін сақтап қалды. Сан ғасырлар бойы күйшілер қолында дамып, ұлттық ерекшеліктерді бойына жинаған күй өнері, қазақтың сезімі мен ойын кең ауқымда суреттей келе, оның шын мәнінде қазақтың музыкалық құдіретіне айналды. Дәстүрлі музыка өнері еліміздің тарихымен байланысты. Тарих қойнауына терең бойлап, өткен күннің үзік сырларын ой сүзгісінен өткізіп, қарасақ әрідегі Оғыз, Қыпшақ, Сақ пен Ғұн, берідегі Түрік нәсілінің белінен тараған

халықтың ілкідегі баба өнері қазақ жерінің күрең топырағында тамырын тереңге тартыпты. Кейін түркі тілдес туысқан елдер шартарапқа бөлініп қазақ елі дербес ұлт болып жеке дара шықты. Өзінің тілін, дінін, мәдениетін қалыптастырды.

Қазақ музыкасының тамыры тым тереңде.«Көне ескерткіштерде табылған,шамамен екі мың жыл бұрын тұтынылған қос ішекті аспаптың бейнесі айрықша назар аудартады. ...Бұған бүгінгі күнгі ең ұқсас,ең жақын аспап ретінде қазақтың домбырасын жатқызуға болады» - деп жазадыакадемик В.В.Виноградов [1].

«Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше домбыра сөзі «дөпбұра», «дәлбұра», «дембұра» деген сөздердің тізбегі арқылы жамалған.Бұл белгілі бір логикаға бағындырылған қызықты жорамал.Тағы бір болжамды этнограф Ерік Көкеев еңбектерінен табуға болады.Ғалымның пікірінше «том» деп түюлі жұдырық немесе қолдың саласы айтылады.Кейіннен бұл түбір ұяңданып «домға»айналған, «быра» тіркесі бір нарсені шерту,тарту,дыбыс шығару деген мағына береді деген гипотеза ұсынды.Яғни домбыра сөзі «қолдың саласымен немесе бес саусақпен шекті шерту» деген мағына береді». [2]

Қазақтың домбырасы түркі-монғол (арғы атасы ғұн) мәдениетінің меншігі,тамыры тарихқа терең жайылған,байырғы аспап. С.Өтеғалиева Орталық Азиядағы танбуртекті аспаптарды үш топқа бөледі:Сібір Алтайлық,Ортаазиялық,Таяушығыстық» [2].Көпшілік арасында «қалақ домбыра» деп айдарлап кеткен бұл аспаптың көне түбірлі аталуы «қыпшақ домбырасы» болуы мүмкін. (Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында сипатталатын гипжак аспапбының түбірі –қыпшақ, «Трактаты о музыке и поэзии», Алматы, «Ғылым» 1993.). Бұл шертпе күй тартуға ынғайлы тоғыз пернелі аспап.

Қазақстанның батыс өлкесі мен сыр бойында тараған мойыны ұзын,алмұрт пішінді домбыраның көне түбірлі аталуы «оғыз домбырасы» деген пікірге жақын,он екі пернесі бар,негізінен төкпе күйлер

орындалады. Домбыраның бірінші байланатын пернесінің оғыз пернеаталуы тегін емес, шабылуы да дутар аспапбына ұқсас.

Шындығында, домбыра тек қана қазақтың, ғана аспабы емес, оның басқа ұлыстар мен ұлыстарға да ортақтығы айтылады. Күй өнері – халқымыздың рухани құндылығының маңызды бір саласы. Ол ұлтымыздың байырғы және бүгінгі мәдениетімен тығыз байланысты. Күй жанрының өнердің басқа саласынан айырмашылығы - адам баласы ауызбен айтып, бояумен бейнелеп бере алмайтын табиғаттың тылсым сыры мен сұлулығын музыка ырғағымен жеткізе білуінде. Халқымыздың арасында ауыздан-ауызға таралып бізге жеткен «Ақсақ Құлан-Жошы хан» аңызы осы сөзіміздің айқын дәлелі. Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Күйлер мазмұны аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Онда халықтың басынан өткен тауқымет пен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-бояуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазы күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерей күйлері терең толғауға, лирикаға негізделген, Тәттімбеттің күйлері әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

Әдебиет:

1. «Қазақ музыкасы». Антология: Бес томдық. 2-том. Орта ғасырдағы қазақ музыкасы. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2005
2. С.Өтеғалиева –«Хордофоны Средней Азии» Алмат, 2006
3. А.Мухамбетова- «Традиционная музыка в культуре XX века», Алматы «Дайк-Пресс» 2002
4. Ә.Қоңыратбаев-«Қазақтың көне мәдени жазбалары» Алматы, 1992
5. А.Жұбанов «Ән күй сапары» Алматы, 1976
6. А. Сейдімбек – «Қазақтың күйшілік өнері» Астана «Күлтегін», 2002